

## ЖШС "Диана 2019" балабақшасы

БЕКІТЕМІН

ЖШС "Диана 2019"

балабақшасының меңгерушісі:

Аметова К.Н.



### Ата-аналарға арналған жаднама

(2-3-4-5 жасар бала келесі сұрақтарға жауап бере алуы керек, бұл өзін қоршаған кеңістікті бала қалай бағдарлайтынын анықтауға, оның білім қорын және мектепке деген көзқарасын білуге көмектеседі)

1	Өз аты-жөніңді ата.
2	Анаң мен әкеңнің аты-жөнін айт.
3	Сенің жасың нешеде? Сен қашан тудың?
4	Сен тұратын қала (ауыл) қалай аталады?
5	Сен қайда тұрасың? Өз үйіңнің мекенжайын ата.
6	Ата-анаң кім болып жұмыс істейді?
7	Сенің аға-әпкең бар ма?
8	Достарыңның есімдері кім?
9	Қыста, жазда достарыңмен қандай ойындар ойнайсындар?
10	Қыздардың қандай есімдерін (ұлдардың) білесің?
11	Апта күндерін, жыл мезгілдерін ата.
12	Қазір жылдың қай мезгілі?
13	Қыстың жаздан қандай айырмашылығы бар?
14	Ағаштарда жапырақтар жылдың қай мезгілінде пайда болады?

15	Біз өмір сүріп жатқан планета қалай аталады?
16	Жердің серігі қалай аталады?
17	Үй жануарларының қайсын білесің?
18	Үй жануарларының төлдері қалай аталады (қойдың, сиырдың, түйенің, жылқының және т.б.)?
19	Қаланың ауылдан қандай айырмашылығы бар?
20	Жабайы жануарлардың үй жануарларынан қандай айырмашылығы бар?
21	Қыстайтын құстардың жыл құстарынан қандай айырмашылығы бар?
22	Сенің мектепте оқығың келе ме?
23	Қай жерде оқу оқыған жақсырақ? Анаңмен бірге үйде оқу оқыған жақсы ма? Мұғаліммен бірге мектепте оқу оқыған жақсы ма?
24	Қандай мамандықтарды білесің?
25	Оқу не үшін керек?
26	Дәрігер не істейді (мұғалім, сатушы, дәрігер және т.б.)
27	Өскенде кім болғың келеді? Саған қандай мамандық бәрінен де көбірек ұнайды?

### Нәтижелерді бағалау

Егер бала 20-19 сұраққа дұрыс жауап берсе, онда бұл жоғары деңгейді білдіреді, 18-11 – орташа, 10 және одан аз – төмен деңгей.

Қойылған сұраққа сәйкес келетін жауаптар дұрыс болып саналады:  
 Анам дәрігер болып жұмыс істейді. Әкемнің аты-жөні Абаев Ермек Абайұлы.  
*Мынадай жауап үлгісі қате болып саналады: Ана жұмыста жұмыс жасайды.  
 Әке Әділет.*